



Этилен мен пропилен арақатынасын жанасу уақытын өзгерту арқылы да реттеуге болады (7-сурет). Этиленнің шығымы шикізаттың парциалдық қысымы төмендеген кезде де артады. Пиролиз процесі атмосфералық қысымға жақын қысым кезінде жүргізіледі, ал шикізатты су буымен сұйылту арқылы парциалдық қысымды реттейді. Шикізатты су буымен сұйылту олефиндер молекулаларының өзара соқтығысу ықтималдығын азайтады, нәтижесінде полимерлену және тығыздалу реакцияларының рөлі төмендейді. Газ тәрізді шикізатты және сұйылтылған газдарды пиролиздеу кезінде шикізатқа 10-20% су буын, бензиндерді және аса ауыр көмірсутектерді пиролиздеу кезінде — шикізатқа есептегенде 25-тен 300%-ға дейін су буын қосады.



6-сурет. Пропан пиролизі газдарының құрамындағы олефиндер (—) мен сутегі (---) мөлшерінің температураға тәуелділігі:  
1 - барлық олефиндер; 2 - этилен; 3 - пропилен



7-сурет. Пропанның пиролиз өнімдері шығымының жанасу уақытына тәуелділігі:  
1 - метан; 2 - этилен; 3 - сутегі;  
4 - пропилен; 5 - этан; 6 - C<sub>4</sub> көмірсутектері; 7 - C<sub>5</sub> көмірсутектері; 8 - ароматты көмірсутектер

**Өнімдердің құрамы мен қасиеттері.** Пиролиз кезінде пиролиз газы және пиролиздің сұйық өнімдері (пиролиз шайыры) түзіледі.

*Пиролиз газында* түрлі компоненттердің көп мөлшері болады. Оның құрамы пиролиз температурасына, реакциялық аймақта болу уақытына (жанасу уақытына) және бастапқы шикізат сапасына байланысты болады. Жанасу уақыты ұзақ болғанда (2-3 с ұзақ),